

# ЖАРКЕНТ

## Айнасы

№19 (21), 18 қазан, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

**ШАТТАНСАҢ ҰЛ ТУДЫМ ДЕП, ЕЛІМ ШАТТАН,  
ҚАСЕНХАН БАР ҚАЗАҚҚА БОЛҒАН МАҚТАН!**



**Жуырда Грузия астанасы** Тбилисиде өткен ардагерлер арасындағы грек-рим күресінен әлем чемпионатында 58 жастағы Қазақстан балуаны Қасенхан Серғазиев алтыннан алқа тақты. 62 келі салмақ дәрежесінде белдескен жаркенттік жерлесіміз финалда түрік балуанымен кездесіп, 8:4 есебімен жеңіске жетті. Әуелі Қасенхан балуан ширек финалда ирандық балуан Х.Азадиге қарсы шықты. Азади алымды көрінгенмен, қарсыласының қателігін қалт жібермейтін Қасенхан балуан оны он бесінші секундта боз кілемге аунатып түсірді. Есеп 2:0. Жерлесіміз енді ирандық балуанның жауырынын жерге тигізіп, таза жеңуге бар күшін салды. Қарсыласын баққан Азадидің шамасы бір минутқа жетпеді. Жауырыны жер иіскеп, Серғазиевке келесі кезеңге өтуге жол ашылды. Келесі айналымда Қасенхан Серғазиев түрік балуаны К.Коюнмен белдесті. Бастапқыда балуандар оңтайлы сәтті аңдып тең жағдайда күресті. Жерлесімізбен бойы да, бітімі де бірдей түрік балуаны алғашқы әдісін сәтсіз жасады. Серғазиев осы орайды сәтті пайдаланып, түрік балуанын орай құшақтап, әдіске қарсы әдіспен алып ұрды. К.Коюн күрес үстінде Қасенханның аяғынан ұстамақ болды, артынша төрешіге қарсылық білдірді. Төреші қос ардагер балуанға да екі ұпайдан жазды. Есеп 2-2. Аздаған үзілістен кейін боз кілем үстінде қайта айқасқан қос балуан көп аңдыспай бірден әдіс жасауға көшті. Коюн аяққа өтіп, аунату әдісін толық жасай алмады. Төреші оған 2 ұпай қосты. Бірақ Серғазиев саспады. Коюнның шала жасалған әдісін өзіне қарсы қолданып, аунатып түсірді. Есеп тағы да теңесті – 4-4. Түріктің қарт балуаны женталас үстінде қараулық жасап, белге өткен Қасенханның қолын босатпай қойды. Төреші ескерту жасап, Серғазиевтің еншісіне 1 ұпай қосты. 5-4 есебімен жерлесіміз алға шықты. Лас күрескені үшін төреші түрік балуанын төрттағана қойды. Серіппедей серпілген Серғазиев Коюнның қабырғасын қаусата жаздап екі ұпай еншіледі. Кездесудің соңғы минутында аяққа атылған Коюнді тұқырта басып, беліне өткен Қасенхан балуан тағы да бір ұпай еншіледі. Есеп 8-4-ке жетті. Жерлесіміздің пайдасына. Қалған жарты минутта түрік балуаны қарсылық көрсетіп жарытпады. Ендігі меже – финал. Ақтық белдесуде жерлесімізді түріктің тағы бір білекті балуаны М.Бектас күтіп тұрған еді. Төрешінің ысқырығынан кейін финалдағы қос балуан біраз ырғасып, білек күштерін бағамдап алды. Түріктің бойшаң балуаны жылдам қимылдап, Қасенханның

сол қолын тартып, мойнына бұрай лақтырмаққа әрекеттенген. Бірақ Серғазиев Бектастың бұл қитұрқы әдісін сезіп қойды, бірден қорғанып үлгерді. Дегенмен түрік балуаны белге өтіп, екі ұпай еншіледі. Есеп ашылды. 2-0. Бектастың пайдасына. Екі мәрте белден бұрап, аунатып жібермек болған түрік балуаны тарамыстай тартылған жерлесімізге ештеңе жасай алмай пұшайман болды. Есесі кетіп, есептен жеңіліп жатқанын түсінген жерлесімізге енді аянып қалатын ештеңе жоқ еді. Әлемдік доданың ақтық белдесуіне күнде шығып жатқан жоқ. Қайрат қылатын сәт туды. Артында қалың қазақ елі тақым қысып отырғанын ардагер балуан түйсігімен сезгендей. Осы сәтте бойшаңдығын пайдаланып бүркем болып төне түскен Бектастың сол қолынан шап беріп, иығынан асыра атып ұрды! Әдемі жасалған әдіске көрермендер шу ете түсті. Төреші төрт ұпай қосты. Есеп 4-2. Енді Қасенхан алға шықты. Жарты минуттық үзілістен кейін қайта белдесуге шыққан қос балуан ширақ қимылдады. Шешуші кезең. Екеуі де алтыннан алқа тағынғысы келеді. Ауыл арасындағы айқас емес, беделді бес батпан намысты белдесу. Екеуі де артында бір-бір мемлекет тұрғанын жақсы түйсінеді. Сондықтан да биік тұғырға көтерілуі тиіс. Бұндай кезде балуандар қарсыласымен бір, жауапкершілікпен екі күрессе керек. Ұпай санымен ұтылып жатқанын білген түрік балуаны Бектастың иықпен қағып құлатам деген әдісі өз нәтижесін бермеді. Қайта бұл сәтті біздің жерлесіміз ұтымды пайдаланып, қарсыласын бұрап түсіріп, жауырынын боз кілемге тигізбек болып женталасты. Төреші және төрт ұпай қосты. Есеп 8-2. Енді Бектас белдесуге бел шеше кіріспек болып ұмтылды. Белге орай өтіп, екі ұпай еншіледі. Бірақ бұл кезде белдесудің уақыты аяқталып үлгерді. Осылайша жас кезінде атағы ауданнан асып, республикаға жеткен, талай бозкілемнің шауын қағып, күрестің тамаша үлгісін көрсеткен жаркенттік жерлесіміз Қасенхан Серғазиев ардагерлер арасында өткен грек-рим күресінен әлем чемпионатында алтыннан алқа тағынып, жеңістің ең биік тұғырына көтерілді. Қуан қазақ, шаттан қазақ! Жерлесімізді жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстан құрамасы грек-рим күресінен әлем чемпионатының алтын медалін соңғы рет сонау 1999 жылы алған болатын. Ол кезде Мхитар Манукян Грекияның Афина қаласында өткен жарыста алтын медаль ұтып, екі дүркін әлем чемпионы атанды.

### БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2020 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге білік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан барбар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индекс – 65161. «Жаркент айнасы» газетіне 1 жылға жазылу бағасы - 2823 теңге.

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

1946 – жылы қайтыс болған шежіреші ақын Қазанғап Байболов деген кісі кезінде «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи дастан шығарған. Сонда Есім ханның арғы бабасы Шыңғыс хан жайына да тоқтала кеткен.

«Темушин өсе келе өзінің ақылымен, ерлігімен жұрт көзіне түсті. Тоғыз ұл оны күндеп көре алмайтын болды. Бір күні абасы айтыпты: «Сенің мыналармен абаң бір болса да, атаң басқа еді. Бір күні болмаса, бір күні зорлық қылады. Осылар есейіп өз беттерімен кеткенше Іленің басына барып садақ атып күн көр. Іленің беті құстың жүні басса, сенің тірі екеніңді білемін», – дейді. (Қазанғап Байболов «Төле би», Алматы, 1991. 19, 20 – бет).

Өнәттің Іле екеніне бұл да дәлел емес пе? Қазақтың ақылды – білімді ақыны Мағжанның «Түркістан» деген өлеңіне қарайықшы.

Тұмайды адамзатта Шыңғыстай ер, Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер. Шыңғыстай арыстанның құр аты да Адамның жүрегіне жігер берер (Шығармалары, Алматы, 1989ж.175–бет).

Мағжан бұл өлеңінде Шыңғыс ханды Түркістанның түлегі деп мақтан тұтып отыр. Бұған қарағанда, Шыңғыстың түрік екенін білушілер бізден бұрын да болған. Тек бір өкініштісі, Қазыбек бектің, Сәкеннің, Қазанғаптың, Мағжанның бұл айтқандарын оқыған кезде қазақтар өз қазағының айтқанына иланбайтын, өз қазағын меңсінбейтін ауруға әлдеқашан ұшырап қойған болатын. Ол аурудан, сірә, әлі ұзақ емделетін шығармыз.

Күдіктенудің, сенбеудің, мойындау мен мойындамаудың – бәрінің шеті мен шегі болады. Жарайды, Алтын Орданы құрған Шыңғыс ханның ұрпақтары түрік моғолдары емес, түрік татарлары да емес, түрікше білмейтін, моңғолша сөйлейтін-ақ ел болсын. Еділ бойын, Қырымды, бүкіл Дешті – Қыпшақ даласын бірнеше ғасыр солар биледі. Орыс жері де солардың қол астында болды. Егер олар кәзіргі моңғолдың арғы ата-бабасы болса, неге олардың мемлекетті басқару тілі түрік тілі болды?

Махмұт Қашғари бабамыз «Түрік сөздігін» Шыңғыс хан дүниеге келмей тұрып бір ғасыр бұрын жасағаны әлем ғылымына аян. Сол сөздікте мынадай түрік сөздері бар: қаптан, орысшасы – кафтан (түрікше мағынасы: тәннің сыртқы қабы, иағни сырт киім), ыштан, орысшасы – штан (мағынасы ішкіім, тәннің ішкі киімі), үтік (киімнің қыртысын жазатын құрал), орысшасы – уютю; йоғұрт (ұйыған құрт, ұйыған айран болғанда, ұйыған құрт неге болмасын?), орысшасы – йогурт, жир (малдың шикі майы), орысшасы да «жир». Қазақта арық адамды «шір бітпеген қу екенсің» дейтін сөз бар. Тауар (малды айырбас сауда жасау), орысшасы – товар. Бұл сөздер орыс лексиконына кәзіргі моңғолдар арқылы сіңді деуге кімнің аузы барады? Оларда бұл сөздердің айтылуы мүлдем басқаша. Бұл сөздер, сөз жоқ, Алтын Орда билеушілері арқылы орыс тіліне енген сөздер. Махмұт Қашғаридың «Түрік сөздігіне» енбей қалған да талай сөзіміздің төбесі кейбір орыс сөздерінен қылтып тұратыны өтірік пе? Мәселен, рет – ряд, арқан – аркан, қарауыл – караул, қорған – курган, шалбар – шаровар, теңге – деньги, қақпан – капкан (бұл сөз «қақпан» деген түрік түбірін дұрыс сақтаған), тым көп – тьма, мүк – мох, дада – дядя, ұра – ура, барыс – барс, боран – буран, жасауыл – есаул, жасақ – ясақ, биік – пик, көпек (ұсақ) – копеек, бүкір – бугор, жам, жамшы – ямщик, бекет – пикет, ал (қызыл) – алий, бөрене – бревно, ілбіс – ирбис, таңба – тамга, тұман – туман, тәңірі – тенгри, ошақ – очаг, керіш – керч, кесек – кусок, тұлып – тулуп, табын – табун, құрық – укрюк, жарық – яркий, дала – даль, сопақ – сопка, жар – яр, түздік – туземец; қожа, қожайын – хозяин, томаға – томагавка, тобыр – табор, құйрық (қойдікі) – курдюк, жырақ – овраг, сырға – серга, талыстай – толстый, қый-тезек – кизьяк, қазақ – казак, төбе кийім – тубейтейка, кетпен – кетмен, атақ – атака, босаяқ – босьяк, шопан – чабан, батыр – богатырь, бүркіт – беркут, қарбыз – арбуз, жұрт – юрт (а), керуен – караван, жұму – зажмуриться, тік – ткать, тігінші – ткачиха, базар – базар, марал – марал, жарлық – ярлык, дарын – дар, мама – мама, бақша – бакча; қырат, қыр (бет) – хребет, қосақ – косяк, кірпіш – кирпич, доға – дуга, құмай – гамаюн, т.с.с. Мұның бәрі «татаро – монгольское игоның» жемісі емегенде, не? Ол, шын мәнінде, «иго» емес, игілік болған: орыс кінәздіктерін біріктіріп, мемлекеттік жүйеге келтірген – Алтын Орда.

(Жалғасы 4-5 бетте)

# ҚЫЗЫЛЖИДЕ - КЕРІМАҒАШ

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



Қазақ жеріне Кеңес өкіметі қызыл туын желбіретіп тікеннен кейін адам тұрмақ туған жердің төл аттары да кеңестене бастады.

Мысалы, Қызылеспе-Еңбекші (5-ферма), Әулиеағаш - Ленин (4-ферма), Көкағаш - Киров (1-ферма), Ақжазық - 3-ферма, Аққұдық - 2-ферма, Қу өзені - Бурақожыр - Барахұдзир, Өссек - Уссек, Жіңішке арал - Каменка, Құсмұрын - Кардон. Міне осының өзі кеңес өкіметінің әкімшілік, әміршілік бағынушылыққа айналдырғанының көрінісі емес пе?! Осы қыңыр саясаттың кесірінен қазіргі тілі төселіп шыққан бала мен отыздың арғы бергі жағындағы азаматтар мен азаматшаларға Қызылеспе, Әулиеағаш, Ақжазық, Аққұдық, Көкағаш деп атату қиынға түсуде.

«Малдың аласы сыртында, адамның аласы ішінде» - дегендей өзіміздің арамызда да мәңгірттікке, салғырттыққа бой ұрып, түбін, түп-тамырын білмегендіктен сұрықсыз, сұмпайы аттар қойып, жер, су аттарының қадір-қасиетін кетіру жағдайы да кездесіп қалады.

Мысалы: Таможны, Пригат, Күйген қора, Итшоқы, Жауырын байлаған, Жыңды қатынның сайы, Шәйтантақара, Шеңгел баз, Қамыс баз. Кейінгі жастар осынау сүреңсіз, сұрқия аттарды атауға келгенде таңдайлары тақ ете түседі.

Мен бұрынғы жылдары жазған мақалаларым мен зерттеулерімде жоғарыдағы аты аталған киелі жер аттарына, тарихына тоқтап, қал-қандарымша түсініктеме бергем. Бүгінгі мақаламның ау жайын көпшілікке көптен таныс Қызылжиде-Керімағашқа және сол өңірдегі жер аттарына тоқталмақпын.

**ҚЫЗЫЛЖИДЕ-КЕРІМАҒАШ** өңірінде көбінесе жиде, тораңғы, шеңгел (тікен), сексеуіл өседі. Азықтық шөптерден қамыс, қоға, ши, қияқ шөп, селеу шөп өседі. Жері құмдауыт, қаратопырақты, құнарлы келеді. Ертедегі тұрғындар ауыз суларын құдықтардан алып ішкен де, төрт түлік малдарын Іле өзені мен Тереңөткелден суғаратын. Өссек өзенінің Ілеге қосылар жерінен батысқа қарай Қызылжиде мен Іле жағалауын сонау Аққұм, Ақтауға (Шурма) дейін Тоғарыстан руының ұрпақтары күз, қыс мезгілінде ғана мал жайылым үшін пайдаланған. Қыста мал отарлатып барған

жылқышылар қыстың күні құдық қазу мүмкін болмағандықтан текеметтерін қалың шидің түбіне жайып қойып, текеметке немесе ағашқа, шиге жабысқан қырауларды қағып, соны ерітіп ішкен. Іледен көтерілген су буының ағаш бұтақтары мен ши басына көбірек қырау болып жабысатынын халық жақсы білген. Қазақтың «Ауруың тұмаулы болсын, қысың қыраулы болсын» деуінде де үлкен салмақтылық жатыр.

Менің пайымдауымша бұл жердің табиғи аты Қызылжиде-Керімағаш болуы мүмкін. Себебі: жиде алғаш өскенде сүмбідей тұзу, қызыл күрең тобылғы тектес болып қатар түзеп, бой жарыстырып күн сәулесіне таласа өседі. Оның көктем кезіндегі қош иісі мұрныға келгенде, кеуденді керіп тұрып көкірек сарайыңа жұта бергің келеді. Жиде өте мықты, төзімді, жылуды көп бөліп шығаратын, сексеуілден кейінгі екінші орын алатын отындық, сәндік жемісті ағаш. Жиде жеміс ағаштардың ішіндегі кенжелеу гүлдеп, кеш пісетін ағаш. Жиде көктеген кез көктемнің нағыз толықсыған айы мамыр емес пе?! Қазақтың мына бір қара өлеңі дәл осы мезгілді меңзейді.

«Күндіз келгін ауылыма түнде келме,  
Құмар маған білгенде, білмегенде.  
Кездесейік есен-сау келер жазда,  
Қызылжиде - Керімағаш гүлдегенде».

Академик жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында Ербол мен Абай екеуі Шүкіманның ауылына барып келе жатып Шүкіманның келіс-келбетіне, тұрпат-тұрқына, ішкі сезім иіріміне разы болып, іштей қыздың Шүкіман деген атына көңілі толмай келе жатқанда Ерболдың сөз арасында Шүкіманды мақтай келе «Ой, керім қыз екен» деген сөзіне Абай масаттанып, «Онда бұл қыздың атын Шүкіман емес Әйгерім қояйық» деп өзінің болашақ жарын ұлы Абай осылай Әйгерім атап кеткен. Жазылуда Айгерім болып жүр. Дәл осыған ұқсас Қызылжиденің әдемі, әсем иісті, жемісті, сымбатты сұлу болғандығынан көрермен халық Қызылжидеге керім деген сөзді қосып Қызылжиде-Керімағаш атап кетуі мүмкін.

Әрине бұл ат жарасып та тұр. Туған жерге осындай сүйкімді аттарды қойып мұра қалдырғанға не жетсін.

Жиде ағашы тамырын тереңге жіберетін, қоректік элементтері көп шырынды, шұрайлы жерлерге өсетін болу керек. Осы Қызылжиде-Керімағаш аумағынан жер астынан ыстық дәрілік су табылып, оған арнайы емдеу сауықтыру арасаны салынып, сырқаттың бірнеше түріне дауа болатыны анықталды. Бұл Қызылжиде-Керімағаш Арасаны тек Жаркент халқы үшін ғана емес,

байтақ Республикамызда тұрған халықтардың емделіп, сауығып, көңілді дем алатын мекен-жайға айналды. Осының өзі Қызылжиде-Керімағаш жерінің үлкен қасиетін паш етіп, ел жұртына әйгілеп тұр.

**ҚОС ҚЫЗДЫҢ КҮМБЕЗІ.** Қызылжиде-Керімағаш пен Қостораңғының солтүстік батысында, шамамен 3-4 шақырымдай жерде шикі кірпіштен ескі жобамен қатар салынған екі күмбез бар. Осыдан отыз-қырық жыл бұрын күмбез аздап қана бүлініп, кірпіштері мүжіліп, тоза бастаған еді. Ал дәл қазір мүлдем тозып, құлап, тек сұлбасы ғана қалды. Осы «Қос қыздың күмбезі» жөнінде ел арасында мынандай аңыз бар.

Ертеде Шығыс Түркістанды мекендеген қазақтар мен Қытай және Моңғолдар арасында шапқыншылық болып, сол бір қырғын шайқаста қазақ батырының егіз қарындасы жау қолына түсетін болғандықтан қазақ батыры екі қарындасының атын жетектеп, Қас-Күнесте тауынан басталатын тасып жатқан өзеннен өткелсіз жерден өтуге мәжбүр болады. Екпіні күшті, қойдай тастарды ағызып, аласұрып жатқан тілсіз жау екі қызды аттарымен ағызып, олардың ажалына куә болады. Батыр жігіт өзінің ептілігімен, батылдығымен аман қалады.

Екі бірдей қарындасынан айырылып, қаралы қаза тұтқан батыр қарындастарының сүйегін іздеп сапарға шығады. Қас-Күнесте өзендерінің Ілеге құятынын білетін батыр өзен бойын жағалап Ілеге құяр жеріне дейін келеді. Таба алмайды. Алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезді батыр өлген адамның су шетіне шығып қалатынын біледі де қарындастарының сүйегі табылып қалар деген үмітпен Ілені бойлап жүре-жүре осы өзіміздің Қызылжиде-Керімағаштың тік астындағы Іленің бойындағы «Жарқонақ» деген жерге келгенде салындымен бірге жағаға шығып қалған екі ару қарындастарының мәйітіне кез болады. Қарындастарының мәйітін қайтып еліне алып кетуге мүмкіндік болмағандықтан Іледен 6-7 шақырым қашықтықта тұратын осы «Қос қыздың күмбезі» аталған жерге әкеп жерлеп, басына күмбез орнатып, ел-жұртқа аманат етіп еліне қайтады. Сол маңға бара қалсаңыздар кімнің, қай елдің қыздары екенін елемей-ақ кірсінен шығысы артық, жүрісінен тұрысы артық, еңіреп өткен қазағымның ару қыздарының бірі шығар деген ниетпен құдай үшін, аруақ үшін, аттан түсіп аят оқуларыңызға болады.

**Әдепхан ТӨРЕХАНҰЛЫ,**  
Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі, ақын.  
ҚР Мәдениет үздігі.



## «Жауынгерлік Даңқ музейіне» жәдігер өткізіңіздер, жерлестер!

**Құрметті аудан жұртшылығы! «Жаркент айнасы» газеті жарыққа шыққалы көтеріп келе жатқан өзекті мәселесінің бірі - елдің, жердің тарихына қатысты дүниелерді тауып, анықтап, жазып, жарияланым арқылы қалың оқырманға таныстыру.**

Жаркент аймағы ежелгі дәуірден адам баласы мекендеген аймақ. Мұнда тас дәуірінің, сақтар, үйсіндер, көне түркі кезеңінің, қазақ хандығының ескерткіштері сақталған тарихи жәдігерлері мол жер. Ортағасырлық Іле-Балық (2016, 2018 ж. қазба жұмыстары жүргізілді), Түргенкент, Ақкент, Дөңгене, Жыңғылды сияқты қалалардың орны, тарихи-археологиялық мұрасы баршылық. Бұл жөнінде «Жаркент айнасы» газетінің (12.05.2019 ж) бұрнағы нөмірінде жарық көрген «Жаркент өңіріне тарихи-өлкетану мұражайы керек пе?» деген мақаламызда толық келтіргенбіз. Осы жоғарыдағы айтылған дүниелердің тозып, жоғалып кетпесі үшін сол тарихи орындардан табылған археологиялық жәдігерлерді сақтау әрі халық игілігіне жарату үшін Жаркент қаласынан тарихи-өлкетану мұражайын ашу жөнінде жоғары билік орындарына хат жазып, конференция ұйымдастырып, көпшілікпен ой бөліскен едік. Міне бүгіндері осы ұсынысымыздың шешімі ретінде Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ музейі» алдағы уақытта Жаркент Тарихи-өлкетану мұражайына айналмақ. Мұражай жұмысына табыс тілей отырып, аудан жұртшылығынан қолдарыңызда ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан археологиялық, тарихи, тұрмыстық-этнографиялық, мумизматикалық, әдеби (көне қолжазбалар) жәдігерлер болатын болса мұражайға әкеліп, арнайы хаттама арқылы өткізу-леріңізді өтінеміз.

Бұл біздер мен біздің ұрпақтарымыздың өз жерінің тарихын біліп, оны қорғайтын ұлтжанды азамат тәрбиелеуімізге ықпал етері сөзсіз.

**Мұражай адресі Жаркент қаласы, Қастеев көшесі 12 үй. Тел.: 87052771691**



## КОСМОНАВТ ПЕН КУБАДА КЕЗДЕСКЕН ҚАЗАҚ



алды. Техникумның берген аздаған степендіясымен жексенбі және оқудан бос кездерінде әртүрлі жалдамалы жұмыс істеп тапқан табысына киім киіп, тамағын асырады. Кешегі жетім бала, өзінің бойына біткен ерекше қасиетінің арқасында маман-агроном атанды. Ол жылдары мұндай мамандыққа ие болу екінің бірінің қолынан келмейтін. Білімді жас маманды жолдама бойынша астықты өлке – Ақмола облысының, Невочеркас ауданының «Қызыл жұлдыз» колхозына бас агроном етіп жіберді. Жолдама мерзімі – екі жыл. Тың игерушілермен бірге қоян – қолтық араласып кеткен жас маман шаруашылықта өзінің білімділігін де, қайтпас қайсарлығын да айқын танытты. Өзінен 10-20 жас үлкендерге нақты тапсырма берумен қатар, оның қорытындысын да сұрай білді. Бұл шаруашылықта екі жылдың ішінде Шәріп Омарұлы бедел де жинады.

«Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық» - дегендей жас жігітті өзінің туып – өскен алтын бесігі – Жаркент аймағы, оның мейірімді халқы күн өткен сайын өзіне тарта түскенін сезді. «Туған жерге туынды тік» - дегендей Шәріп екі жылдық жолдама мерзімі аяқталысымен елге оралды. Ақмоладағы үлкен – кішілер жас маманды қиыспай – қиыспай Жаркент аймағына шығарып салды.

Панфилов ауданына ол кезде Ш.Омаров сияқты білімді де білікті маман-агроном ауадай қажет еді. Ауданға келісімен іргелі шаруашылық басшылары Киров атындағы ұжымшардың Надек өндірістік учаскесіндегі жастардан құрылған бригадаға Ш.Омаровты агроном – бригадир етіп жіберді. Үлкен елді мекенде сол алпысыншы жылдардың басында жүгері, бидай өсірілетін. Бұл дақылдарды өсірудің қыры мен сырын әжептәуір үйренген маман алғашқы күндердің өзінде-ақ білек сыбана жұмысқа кірісіп кетті. Ақмолада ысылғанын көрсетті.

Шәріп Омарұлы бөлімшедегі жұмысын жүргізіп жүргенде шаруашылыққа келген комиссия деп жеңіл машинамен екі-үш адам жетіп келеді. Бұлар бір емес, бірнеше рет келіп жетеді. Жас маман Шәріппен жиі-жиі әртүрлі тақырыпта әңгімелеседі. Әсіресе, халықаралық саясат туралы әңгіме тақырыбы жиі қозғалады. Сол келгендердің біреуі облыстық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Кеңес Жандыбаев, екіншісі Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің нұсқаушысы еді. Олар соңғы рет келгенде негізгі мақсаттарын ашып айтты. Куба Республикасында коммунистік мемлекет құрылды. Жас мемлекет, оған кадр жөнінде, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласы бойынша көмек көрсетуіміз керек. Ол мемлекеттің басшысы Фидель Кастро еді. Баспасөз беттерінен Куба жайында хабары бар Шәріп өзімен әңгімелесіп жүргендердің арнайы тапсырмамен келгенін сонда барып білді. Олар кетерінде: «Кубаға 18 айға қызмет етуге, олардың ауыл шаруашылығын көтеруге көмектесуге Қазақстаннан 9 адам бармақ. Соның бірі сізсіз. Үш күннен соң келеміз жауабын бересіз. Бұл әңгіме жайында ешкімге тіс жармайсыз» - дейді. Шет елге, оның үстіне Американың түбегіндегі Кубаға кадр жіберу ол жылдары Мәскеудің құзырындағы маңызды іс еді. Арада екі күн өткенде Кеңес Жандыбаев келді де:

– Шәріп, дайынсың ба? – дейді.

Шәріп тіл бұл мәселенің мемлекеттік

деңгейде шешілгеніне көзі жетіп:

– Келістім, – деді сенімді үнмен.

Содан бірнеше іріктеулерден соң Қазақстаннан 9 адам Кубаға аттанды. Бір таңқаларлығы соның 4-еуі қазақ ұлтынан еді. Осының өзінен-ақ Шәріпке деген үлкен сенімді аңғаруға болатыны анық.

Одессадан теңіз жолы арқылы Кубаға 18 тәулік жол жүріп жетті. Осы теңіз жолында неше түрлі қиындықтар мен таңғажайыптарға кездесті. Оның өзі бір үлкен әңгіме.

Куба астанасы – Гаванаға жеткенде КСРО-дан келгендерді кубалықтар өте жылы шыраймен дүрілдетіп қарсы алды. Тіпті, төбелеріне көтергендей болды. КСРО-дан Кубаға барған мамандардың ішіндегі 23 жастағы, әрі ең жасы да Шәріп Омаров еді. Көп уақыт өткенде бұлармен Фидель Кастроның кездесуі өтетін күн де жетті. «Гавана Ливро» қонақ үйіндегі кездесуге Ф.Кастро келді. Бірінші қатарда тұрғандармен қол алысып сәлемдесті. Осы қатардағы Шәкеңнің қолын алып тұрып, оның Қазақстаннан келгенін сұрап білген соң: «Ет пен наны көп ел» - деді күлімісіреп.

Ш.Омаровтың Кубадағы 18 ай жұмыс уақыты талай қызықтар мен қиындықтарға толы десек артық айтқандық болмас. «Қазақстанның кадрі тамаша екен!» - деген пікірді Кубада қалыптастырды. Қалай десек те Қазақстанымыздың беделін Кубада да асқақтатуға Шәкең үлес қосты. Елге деген сағынышқа толы 18 ай да зымырап өте шықты. Кубалықтарға ауыл шаруашылығын дамытудың ғылыми жолдарын барынша үйретіп қайтты. 1961 жылы 26 шілде күні Кубаға алғашқы космонавт Юрий Гагарин келді. Шәкеңдер онымен бірге болып, әртүрлі саяси-мәдени шараларға қатысты. Қайда жүрсе де Ш.Омаровтың елінің атақ-абыройын үнемі жоғары ұстай білді.

Панфилов ауданына Ш.Омаров келгенде Хрущевтің жөн-жосықсыз реформалары дүрлігіп тұрған. Панфилов ауданы біресе Гвардия ауданына біріктірілді. Содан соң Ұйғыр ауданы Панфилов ауданына қосылып, аймақтық ауыл шаруашылық басқармасы құрылды. Осы ауыл шаруашылық басқармасында қызмет атқарған Шәкең 1971 жылдан аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агроном, кейінен 1991 жылға дейін ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, одан соң «Ассоциация Гибрид» деген мекемеде бас директор болып 2000 жылға дейін қызмет атқарды. Жоғары білімді, ғалым – агроном Ш.Омаров аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық кеңес атқару комитетінің мүшесі, аудандық кеңестік бірнеше мәрте депутаты болса, бірнеше ордендер, медальдармен, құрмет грамоталарымен марапатталып, «Ауданның құрметті азаматы» атанды. Ауданымыздың экономикасының өркендеуіне лайықты үлес қосты.

Ш.Омаров ұзақ жылдар бойы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқару кезінде көптеген үлкен лауазым иелермен терезесі тең дәрежеде әңгімеленіп, күрделі-күрделі шаруашылық мәселелерін шешіп отырды. Жүгері тұқымын өндіру бойынша Панфилов ауданы Республикамыздағы жалғыз аудан еді. Жүгерінің жаңа тұқымын алу жөніндегі Венгрия, Югославия, Молдавия, Украина, Германия тағы басқа да шет елдерге барып, шаруашылықтың мемлекет аралық деңгейде шешілетін істерін шешіп келетін де осы өзіміздің ауданның азаматы Шәріп Омаров болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы А.П.Рыбников, ауыл шаруашылығы министрлері М.Моторико, С.Кәріпжанов, С.Ақылбеков, Т.Нұрқынов ауыл шаруашылығы министрлерінің орынбасарлары Г.Измайлов, В.Косеревтермен маңызды – маңызды мәселелерді ақылдаса отырып шешкен еді. Ш.Омаров тіпті КСРО ауыл шаруашылығы министрлігі В.К.Месеңтінің де есігін ауданның болашағының қарыштауы үшін ашқан еді.

1986 жылы ақпан айында Республикамызда ауыл шаруашылығы бойынша үлкен жиналыс өтіп, онда қосымша баяндаманы Панфилов ауданынан Шәріп Омаров жасайтын болып белгіленді. Бұл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімі еді. Жиналысқа Москвадан небір мықтылар қатысты. Жиналысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы А.П.Рыбников жүргізіп отырған.

Республикалық бұл үлкен жиналыста сөз сөйлеген кейбіреулер Қазақстанымыздағы ауыл шаруашылық саласы бойынша атқарылған ұшан-теңіз жұмыстарға көлеңке түсіре сөйледі. Сондайлардан соң Панфилов ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Ш.Омаров көтеріліп, қосымша баяндама жасады. Бұл баяндама зор ықыласпен

тыңдалды. Ауданымыздағы нақты істі Ш.Омаров айқындап та, дәлелдеп те баяндап шыққанда А.П.Рыбников қатты риза болып, алдындағы микрофон арқылы:

– Рахмет, Сізге Шәріп Омаровичті, – деп дауыстап жіберді.

Осы баяндамасы арқылы Шәріп Омарұлы Республикамыздың намысын да қорғап шығып еді. Бұл үлкен азаматтық!

Жиналыстың соңынан кейін Д.А.Қонаев Қазақстандық ірі-ірі басшылардың алдында Шәріп Омаровтың баяндамасының нақты істелген іске құрылғандығын айрықша атап өткен. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтің бұл сөзі Шәріпке берілген үлкен әрі абыройлы баға еді.

Н.Ә.Назарбаев Қазақ ССР Министрлер кеңесінің төрағасы кезінде біздің ауданға келді. Н.Н.Головацкий басқаратын агрофирманың орталығы Жастар қалашығында болды. Сонда жүгеріден шағын көрме ұйымдастырылып, Ш.Омаров жиырма минуттай хабарлама жасады. Хабарламаны зейін қойып тыңдаған Н.Ә.Назарбаев:

– Шәріп Омарұлы, Сізге рахмет. Жүгері тұқымын өндіру жайында толық мағлұмат бердіңіз. Осы ауданға жүгері жөнінде ғылыми-зерттеу институтын құрғызып беремін, – деді.

Көп ұзамай-ақ ғылыми-зерттеу институты Жастар қалашығынан ашылды. Бірақ ғылыми институт көптеген кедергілердің салдарынан осы жұмысты нәтижелі жалғастырып кете алмады.

Ауданымыздағы ауыл шаруашылық жұмыстарының көпке үлгі етерліктей дамуының нәтижесінде, кезінде ауданымызға СОКП Орталық Комитетінің хатшылары, СОКП Орталық Саяси Бюросының мүшелері Черненко, Никоновтар келіп, аудан активінің жиналысына қатысып, ауданымыздағы ауыл шаруашылығы жұмыстарының жетістіктеріне ризашылықтарын білдіріп кетіп еді.

1994 – 1998 жылдары аудандағы шаруашылықтардың қаржы жағдайы қиындай түсті. Дәл осы кезде «Ассоциация Гибридтің» бас директоры Ш.Омаров Республикамыздағы бірнеше лауазымды азаматтардың қабылдауында болып, жеңілдетілген 66 миллион теңге несиелі алып берді. Оны астық тұқымы, ауыл шаруашылығына химиялық заттарын алуға пайдаланды. Бұдан соң шаруашылықтарға 87 миллион теңге қайтарымызсыз ақша (тегін ақша) алып беруге көмек жасады. Бұл дегеніміз – сол кездегі курспен 1,7 миллион доллар еді. Бұл қаражат шаруашылықтарымызды бір көтеріп тастады. Осындай – осындай ірі мәселелерді шешерде Ш.Омаров барлық мүмкіндігін пайдаланатын. Өйткені, бұл аудан халқына жасаған ірі қамқорлық екенін жақсы білетін. Қажырлы іс қашан да айшықты ізін қалдырмай ма? «Жақсының артында із қалады» - деген осы. «Ержігіттің абыройы мың жылқы» деген дана халқымыздың асыл сөзіне әбден лайық азаматымыз - Шәріп Омаров деп берік сеніммен айта аламыз және Шәріп ағаның асыл істерін бүгінгі ұрпақ сеніммен жалғастыруда.

Жұбайы Роза Кәрібозова 40 жыл бойы Жаркент қаласындағы Ү.Алтынсарин атындағы қазақ тарих мектебінде физика, математика пәнінен жас ұрпақтарға тиянақты білім берді. Роза Кәрібозованың сабақ беру жөніндегі іс-тәжірибелері аудан мектептеріне әлденеше рет тартылды. Оның көптеген шәкірттері республикамыздың түпкір – түпкірінде жемісті еңбек етуде.

Отбасыларында екі ұл, бір қыз өсіп, жетілді. Омаровтардың отбасында немере, шөберелер бар. Үлгілі отбасынан үлгілі балалар өсті. Егеменді еліміздің бүгінінен ертеңгітіптен де тамаша болары сөзсіз. Ақылшы әке мен шешенің ақыл – кеңестерін пайдаланған білімді балалары егеменді елдің білікті азаматы деген атақты биік ұстап келеді. Үлкен ұлы Болат өсімдіктердің тазалығын зерттейтін мамандық иесі, Мұрат кәсіпкер, қызы Қарлығаш – психолог.

### Садық ЖҰМАБАЕВ

Садық Нұрышұлы Жұмабай – Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағы жетінші съезінің делегаты, Балғабек Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың иегері, Панфилов аудандық Советінің бұрынғы депутаты, Панфилов ауданының сол кездегі халықтық бақылау комитетінің мүшесі, Қазақстан Журналистер

Одағының Панфилов ауданы бойынша төрағасы.

Жазушы-журналист С.Н.Жұмабай «Жаркенттің жайсаңдары», «Үкім», «Шеңгел гүлдегенде», «Жібек желі», «Жаркентте шырдалған әскерлер», «Жаркент-100 жыл» атты кітаптардың авторы.









# ДИХАН БАБА БАТА БЕРГЕН БАТЫР ҚЫЗ

Социалистік Еңбек Ері Күләш Айтжанова 80 жаста

**Алтынай:** Жә-жә жетер! Күнде айтар жырынды жырлай бермей тоқтатшы. Сенің осы зарыңнан, басым ауыратын болыпты. Енді одан мына перзентхананың басшысына жолық та, өткнеде берген ақшаңның үстіне тағы да сондай ақша беріп, еселеп қой. Бүгін өзі бекер звондамаған шығар. Бір келіншек баласынан бас тартып, туғаннан соң алмаймын депті ғой. Оған да ақша беріп қоялық. Әйтпесе айнып жүрер. Шақалақты алып кетем деп.

**Жақан:** Ия, ия кемпір келісем, сөзіңнің де жаны бар. Қанша ақша керек десе де берем ғой. Тек сол шақалақты тезірек көрсетсе екен. «Мінекей, балаңызды алыңыз» деп қолыма ұстатса ғой. Әй, арманым болмас еді.

*Перзентхана алдында бозбала телефонмен сөйлесіп тұр. Сәбит пен Алтынай тыңдай қалады.*

**Бозбала:** /ашуланып/ Алоу, неге трубканы қоя бересің, а?! Уақытың жақындап қалса неғыл дейсің енді маған? Саған қанша рет айттым мен, маған бала қажет емес деп. Ұл болса қайтейін?! Саған да керек болмаса сонда қалдырып кет. Дәрігерлер өздері біледі. Сата ма, басқа біреуге бағуға бере ме. Менің онда шаруам жоқ. Келістік қой, енді менің басымды қатырмайсың. Мен сенің маңыңа да жуымаймын. Машина керек дедім, машинаны үйіңнің алдына апарып қойдым. Болды, осымен қатынасымыз үзілді.

**Алтынай:** Жақан-ау, мынау сол баласынан бас тартып жатқан қыздың жігіт сияқты ғой. Барып сөйлесіп көрсенің. Ұл екен және де баласы. Құдайдың форточкадан бергені деген, міне, осы.

**Жақан:** Өзім де солай топшылап тұрмын. Тәуекел деп көрейік сөйлесіп. Ана қызға машина да әперген сыңайлы. Сол темірін мен-ақ әперейін. Бірақ, Алтынжан, ана босанып жатқан қыз біздің вакуумда өскен бала сияқты. Сезімсіз пәле ғой...

**Алтынай:** Оны қалай біле қойдың?

**Жақан:** Енді, мынау біздің құрыған, ілуде бір ана құрсағынан бала туылатын заманда жатырындағы шаранадан бас тарта ма есі дұрыс әйелдер?

**Алтынай:** /кекесінмен/ Заманның тыныш кезінде сен де маған бас тартқызған жоқпысың?!

**Жақан:** /жорта ашуланып/ Түүүйй, сенде бір. Бас десе құлақ деп. Жүр одан да ана жігітпен сөйлесейік.

*Екеуі Бозбалаға жақындайды.*

**Жақан:** Қалың қалай, балам!

**Бозбала:** Салам шал!

**Жақан:** Жап-жас болып перзентхана алдында не іздеп жүрсің?

**Бозбала:** Оның саған керегі не шал?

**Жақан:** Сөз ауаны солай болған соң сұрап жатқаным ғой.

**Бозбала:** Жөніңізге жүрсенізші.

**Жақан:** Жарайды балам, кешір мені. Қартайған соң орынсыз сұрақ қоя беретін боп кеттік. Сенен бірнәрсе сұрасам бола ма?

**Бозбала:** /жақтырмай қарап/ Ну, сұра.

**Жақан:** Естіген құлақта жазық жоқ. Баған бір сөзіңді естіп қалды. Перзентхана ішіндегі қызың сияқты ғой.

**Бозбала:** Сөйтсе...

**Жақан:** Аяғын ауырлатып қойдың ғой? Ендің баладан бас тартып тұрсыңдар екеуің де. Дұрыс түсіндім бе?

**Бозбала:** Не, мені тергейін деп тұрсың ба, шал?

**Жақан:** Жоға да құлыным. Тек бір өтінішім бар еді...

**Бозбала:** Айтсаңшы енді. Қылқылдамай. Өтініш, өтініш дейді ғой...

**Жақан:** /естімеген сыңай танытып/ Бізге бір бала керек еді. Сендерге қажет болмаса бізге қисандаршы ұлдарыңды.

**Бозбала:** Шал мен кемпір болғанда ма? Вакуумнан-ақ жетілдіріп алмадыңдар ма баланы?

**Алтынай:** /сөзге араласып/ Вакуумы құрысын. Атай көрме ол пәлені.

**Жақан:** Балам, сенен өтініп сұраймын. Балаңды бізге берші. Қалаған ақшанды төлеуге әзірмін.

**Бозбала:** Ақша деймісің, шал?

**Жақан:** Ия, ақша қажет болса – ақша, алтын десең – алтын берейін.

**Бозбала:** Ақша деген кімге артықтық етіпті. Сонда қанша бере аласың?

**Жақан:** Жалауың болсын. Неше сұрасаң да берем.

**Бозбала:** Миллион сұрасам да ма?

**Жақан:** Оған да көнем.

**Бозбала:** /қуанып/ Ал келістік ендеше. Қане ақшаларың?

**Жақан:** /кемпіріне бұйыра/ Алтынай, әкел бері сөмкені. Бір перзенттің жолына садаға.

*Бозбала сөмкені алып жүгіре басып кетеді. Кенет тоқтай қалады да артына бұрылып.*

**Бозбала:** Шал, саған бір өтініш бар, орындайсың ба?

**Жақан:** /сасқалақтап/ Айт, айта ғой, жер басып тірі жүрсен орындаймын бәрін де.

**Бозбала:** Баламның атын Жақан деп қойшы. Менің негізгі әкемнің аты Жақан екен. Жол апатынан қайтыс бопты. Марқұмның аруағы риза болсын. Аты өшпесін. Жақан деп атарсыз.

**Жақан:** А-а-а, Жақан деймісің?

**Бозбала:** /асығып/ Ия, Жақан деп атаңыз.

**Жақан:** Балам, өзіңнің аты-жөнің кім, айтып кетші.

*Бозбала жүгіріп бара жатады.*

**Бозбала:** Менің аты-жөнім – Сәбитов Бату Жақанұлы.

**Жақан:** Батууу...

*Жақан есінен танып құлап түседі. Алтынай басын сүйей беріп, аңырап жылап жібереді. Шымылдық жабылады.*

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ



Төккен дәйім көңілдерге жарығын,  
Адам іздер ізгіліктің парығын.  
Өмірдің өз жазылмаған заңы бар –  
Адал еңбек болар мәңгі тағылым!

Тағылыммен тағдыр жолы көрікті,  
Соны білген жандар терін төгіпті.  
Дихан Баба, Айтжанқызы Күләшқа,  
Ақ жарылып, ақ батасын беріпті...

Әкесі Айтжан жарқылдаған жас еді,  
Жас болса да, бір әулетке бас еді.  
Маңдай терін тамшылатып табатын,  
Ұрпағына бергені адал ас еді...

Соғыс бұзды бейбіт өмір келбетін,  
От пен оққа орап алып жер бетін.  
Әкесі де қан майданға аттанып,  
Қолына ұстап қалды жалғыз суретін.

Дейтін: «Әкем фашистерді жеңеді,  
Жеңістен соң үйге қайтып келеді.  
Өз орнына еңбек етіп есейген,  
Күләш қызын мақтанышпен көреді...»

Балауса қыз басты әке орынын,  
Неге менің дейтін іштей, сорым мың?!  
Сағынғанда майдандағы әкесін –  
Көзінде жас, жүрегінде толы мұң.

Соғыс жалмап, балалық шақ, арманын,  
Қиялдаумен атыратын таңдарын.  
Қарақағаз келген сәтте майданнан,  
Бірақ білді жетім болып қалғанын.

Көздің жасы төгілді енді жосылып,  
Зәукеш ана, балауса қыз қосылып...  
Бейбіт күннің ұқпай жүрген қадірін,  
Асып-тасқан ағайын жұрт, осыны ұқ.

Шежіндегі шерлі тағдыр күйбелең,  
Дүйім жұртты майданға деп сүйреген.  
Жеңіс үшін шұлық тоқып, мал бағып,  
Анасы бір демалуды білмеген...

Қанша үйде үзілді үміт, сынды арман,  
Соғыс тажал, бірді беріп, мыңды алған.  
Жиырмасыншы ғасырдағы жетімдер,  
Жесірлердің көз жасымен шыңдалған.

Біздің Күләш тумысынан өр еді,  
Сол жылдарға өрлік еді керегі.  
Өлді деуге қимай оның жүрегі,  
Әкем бір күн келеді деп сенеді.

Қой да қырықты, жүгері де суғарды,  
Адал еңбек үшін ғана туған-ды.  
Күндігіне жетпіс-сексен қой қырқып,  
Артта ылғый қалдыратын ұлдарды.

Жүрегінде жүргенімен жүз үміт,  
Қыз болған жоқ отыратын сызылып.  
«Айтжанның бұл, қырықтықшы қызы ғой»,  
дейтін еді, көрген адам қызығып.

Жетелейтін қайраты мен жастығы,  
Жайқалсын деп туған жердің астығы!  
Жүгеріге сушы бол деп шақырды,  
Ыбырайымжан аға, колхоз бастығы.

Сушы болды иыққа сап кетпенін,  
О да қызық, енді ойласа көктемін.  
Бүгін елдің құрметіне бөленсе –  
Жұрт біледі маңдай термен жеткенін.

Қой да бақты «үй-риттап» отарды,  
Сөйте жүріп үлкендерден бата алды.  
Алла қолдап, отыз екі жасында,  
Социалистік Еңбек Ері атанды!

Қаршадай қыз солай міне, ерледі,  
Қамқор болған жақсы жандар сенгені.  
Жанындағы жаны жомарт достарын,  
Өз басынан зәредей кем көрмеді.

Бірге жүріп, сезіп көңіл пәктігін,  
Бірге көрді жарқын өмір шаттығын!  
Ауылдасын туысым деп түсінді,  
Биік ұстап, силастықтың ақ туын!

Дос-әпкесі – Еңбек Ері Әдәләт,  
Жүрегі кең еді-ау нағыз қазанат!  
Бірге жүріп, қиындықты бір көріп,  
Етуші еді қолда барға қанағат.

Ел сенімін ақтау нағыз тәтті арман,  
Әкелерден аманат қып ап қалған.  
Санасынан жалғыз сәтке шығармай,  
Жүрегінің тереңінде сақталған.

Терің тамбай, биікке адам шығар ма,  
Сана керек оның сырын ұғарға.  
Жаркентімнің топырағынан жаралған,  
Бас иеміз Күләш атты шынарға!

Сексен жасқа келіп тұрған кезіңіз,  
Жаныңыз жас, соны әпке, сезіңіз!  
Еңбекпенен Ер атанған Анаға,  
Арналады жырымыз да, сөзіміз!

23.09. 2019 ж.

**Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,**  
ақын, Қазақстан  
Жазушылар  
Одағының мүшесі,  
Панфилов ауданының  
Құрметті азаматы.



# АРТЫҢ КЕНІШ, БОЛСЫН ПЕЙІШ ОРЫНЫҢ...

Анамыз Нүптекеева Тұрған Жаманбекқызы жайлы естелік



Шешеміз Жаманбекқызы Тұрған 1940 жылы Қытай Халық Республикасы, Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданы, Іле-Қазақ автономиялық облысына қарасты Талқы елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Жаманбек атамиз ауқатты кісі болған екен. Бірақ, сол байлыққа өз еңбегімен жеткен адам деседі. Тумысынан өте еңбекқор, нағыз шаруақор адам болған екен. Нағашы атамиз Құткелдіңің үш баласы болыпты. Олар Наурызбай, Жәкімбаи, Жаманбек. Жаманбек атамиз тоқалдың баласы болғандықтан қысым көріп өскен екен. Ағасы Әпсүгір елінің «ата кәсібімен» айналысса керек, түнде сойып келген малдарының еттерін қазылған ұраның ішіне тығып, үстіне киіз жауып, Жаманбек атамизды жылатып үстіне отырғызып қояды екен. Іздеп келген елдер жылап отырған жетім баланы көріп, жандары ашып, кетіп қалады екен. Нағашы атамиз кішкентайынан өзін өзі алға сүйрепті. Кендір құрайдан арқан есіп, оны сатып дүниенің басын құраған екен.

Ат жалын тартып мінген соң Жібікен нағашы атамизбен отау құрыпты. Атамиз жеті құрсақ көтеріпті. Содан екі-ақ бала аман қалған. Бірі – менің шешем, екіншісі нағашы ағам – Елеусіз. Шешеме дейінгі балалары тоқтайып шетіней беріпті. Сонда нағашы атам Құдайдан бала сұрап: «Ей, Алла, құлағы керек, мұрны пұшық болса да ізімді жалғастыратын бір бала бер», – деп Жаратушыға жалбарыныпты. Нағашы атамиз амызға: «Құдайдың баласы жетпейді дейсің ба? Сұрасаң, дұрыстап сұрамайсың ба? Берсе, дұрыстап берсін. Бермесе, басына қойып жатсын», – деп ұрстып көрінеді. Осыдан-ақ нағашы атамиздың қандай адам екені көрінеді. Шешеміздің кіндігін ырымдап Насызы деген (ер адам) дүнген кісіге балтамен кестіріпті. Ал, Елеусіз ағамның кіндігін ұйғыр кісіге кестіріпті. Қазақта бала тоқтамағанда басқа ұлтқа балтамен кіндік кестіретін жол болған. Бірінші Алла, екінші осы наным-сенімнің арқасы шығар, бүгінгі күні сол екі баладан қаншама ұрпақ өсіп-өнді. Өзімнің шешем он бір құрсақ көтерді. Нағашы ағамыздан төрт ұл – Қуаныш, Қуандық, Димаш, Думан және үш қыз – Нәзгүл, Мереке, Бақыт бар.

Нағашы атамиз Қошқар руының қызы еді. Өте арынды, сөзге шешен, мақалдап-мәтелдеп сөйлейтін кісі болыпты. Ешкімнің бет-жүзіне қарамай айтып тастап отыра беретін, бірақ кек сақтап, жамандық ойламайтын адам болыпты. Атамиз арғы беттен Совет өкіметіне өтіп, бала-шағасының қызығын көріп, сексенге қараған шағында қайтыс болды. Нағашы атамиз Қытай өкіметінің байларға жасаған қысымына шыдамай, қайтыс болған деседі.

Шешеміз байдың қызы болғандықтан арғы бетте шалқып өмір сүріпті. Ол кезде алтын тіс салу мода болса керек, шешемон жас шамасында әкесі аузына алтын тіс салғызып беріпті. Шешем жас кезінде өте көрікті, ренді кісі болған. Атамиз бері Советке өткенде қызы мен баласын бір сыныпқа беріпті. Шешем 19 жасында (алтыншы сынып оқып жүргенде) әкеме тұрмысқа шығады. Әкем қызды көруге келіп, сөйлесейін десе, шешем тауық қораға кіріп, тығылып қалыпты. Ол кісіні тығылған жерінен іздеп тапқан әкем: «Мен ұнаймын ба?», – деп сұраса, шешеміз: «Апам біледі», – деп жауап беріпті. Әкем қалыңдықтың бұл сөзін құдаласуға келген Қожахан ақсақалға айтады. Ақсақал: «Е-е... онда болды. Апасы келісіп тұр», – деп екі жастың қосылуына себепкер болады.

Шешем болмысынан өте салмақты, көп сөйлемейтін, момын адам болған. Бірақ өз ісіне өте пысық, қолынан келмейтін ісі жоқ, он саусағынан өнер тамған ісмер кісі болты. Оның бәрі шешесінен көрген тәрбиесі болса керек. Әсіресе ет, қымыз ұстағанда алдына жан салмайтын. Жылқының терісін өзі илеп, сабаны пішіп, тігіп қымызды тек сабада ұстайтын. Тазалыққа өте мән беретін еді. Біздің үйден дәм татқан небір басшылар, әкемнің достары, қонақтары ауыздарының суы құрып, қартайғанша айтып жүретін. Соғымның етін ұнның арасына сақтап, аса қадірлі қонақтарға күз, жаз айларында алдына тартатын. Бірде Қайырмада қой ұрықтандыратын пунктте отырғанда үйге бір сыйлы қонақ келіп, шешем ұнның түбіндегі етті шығарады. Ол ет үш-төрт жыл бұрын сойылған малдың жаясы мен қазысы екен. Үстіне еселеп жаңа ұн сала беріп, ет ыдыс түбінде қалып, сақталып тұра беріпті.

Шешеміз әр балаға, әр қонаққа өзінің жөн-жоралғысымен сыбағасын сақтап, дәм татқызып отыратын. Шешемнің жасаған көжесі, айраны, құрт-майы керемет дәмді болатын. Жүрген жері береке еді. Әкеміз: «Би болмасақ та би түсетін үй болдық. Соның бәрі осы жаман шешелеріңнің арқасы», – деп үнемі айтып отыратын. Үйге қанша қонақ келіп жатса да қабағын шытпай, күн-түн демей қызмет қылатын. Бір күнде үш қозыны сойып, қонақ күткен күндер де болған. Сауып отырған сиыры, биесі, бала-шағасының тамағы, кір-қоңы, отысуы бәрі қабаттасып тұрса да асықпай жүріп, бәріне үлгеретін. Қатты еңбекқор адам еді. Әкемнің абыройын асқақтатып, мерейін үстем қылды. Өзі тасада қалып, көрінбей тұрса да ісі көрініп тұратын қайран шешем-ай! Балаларының бәрін: «Әкеңе айтам», – деп-ақ тәрбиелеп, әкені сыйлауды үйретті. Өзі әкемнің бетіне қарап сөйлемек түгілі, атын да атамаған. Сол арқылы әкемізді біздің көз алдымызда асқар таудай қылып абыройын асырып, от басындағы ер адамның қадірін



ұрпақтарына үлгі қып көрсетті. Бұл не деген тәрбие, отбасылық құндылық десеңші. Әкеміздің айтқан сөзін екі етпей орындайтын. Шешем біреуді жамандап, әйел болып өсек айтпайтын. Әкеміз ылғи: «Сендердің шешелерің жұмаққа кіреді. Артық ауыз әңгімесі жоқ адам. «Басқа пәле тілден» деген, өсек-өтірік айтпады», – деп айтатын.

Бірде үйге әкемнің жолдастары келіпті. Сонда дастархан жайып, тамақ жасап жүрген шешем бір ауыз сөз сөйлемейті. Бөтен кісілер: «Бәкеңнің әйелі сөйлемей ме?», – деп сұрапты. Сонда әкемнің Айтқали деген құрдасы: «Ол кісі мылқау ғой», – деп шешемнен ымдап, сіріңке сұрапты. Шешем сіріңкесін әкеліп беріпті. Әлгі кісілер аң-таң болыпты. Бір уақытта ортада қызық анекдот айтылып, елдің бәрі күледі. Шешем де езу тартады. Сонда барып бөгде кісілер құрдастарының қалжыңдап отырғанын түсініпті.

Әкем дүниеден өткеннен кейін шешемнің жағдайы қиындай берді. Өзі сөйлемейтін адам ішінен тынып, сыңарынан айырылған аққудай ешнәрсеге қызықпайтын болды. Ол кісінің шыдамдылығына бәріміз тәнті болдық. Негізгі мәселе жүректе болғандықтан, жағдайы айтпаса да белгілі ғой. Ауруы меңдеп тұрса да қыңқ еткен дауысын шығармай, «еш жерім ауырмайды» деп емханаға барудан бас тартты. Өмірінің соңғы күндері ауруханада жатса да қиналғанын білдірмеді. Осындай сабырлықпен ажалды қарсы алған ол кісі «батыр ана» деген атқа лайық адам.

Шешем балаларының ішінде мені ерекше жақсы көрді. Басымнан құс ұшырмай, үстіме кір жуытпай, ерекше еркелетіп өсірді. Мен де шамам жеткенше қызмет қылдым. Бірақ Шәмшат келіннің еңбегі ерен. Ол кісіге өз анасына жасамаған қызметті жасады. Өз анасынан



артық қарады десем, артық айтқандық емес. Апасы да Шәмшатты көзінен таса қылмайтын. Үйден дүкенге шықса, «қашан келеді, қашан келеді?» деп елеңдеп отыратын. Бір жаққа қонаққа барамыз десек, «Шәмшат бара ма? Шәмшат барса, барамын» дейтін. Кейде Алматының шетіндегі қызының үйіне барса, «Шәмшаттың қашан келеді?» деп келінін сұрай береді екен. Ол жақта бір-екі күн болған соң үйге қайтуға асығатын. Келін мен ене арасындағы сыйластық, түсіністік, қимастық әсілі осылай болса керек-ті. Қыздары: «Тәте, біз шомылдырайық», – десе, «Жоқ, Шәмшат шомылдырады», – деп отырып алушы еді.

Шешеміз мәңгілік сапарға аттанатын күні Шәмшат ауруханада қасында болды. Ол кісі өзі ауруханада бар жоғы үш-ақ күн жатты. Жаны қатты қиналып жатса керек, үш минуттан артық жата алмапты. Басын көтеріп отырып түн ортасынан ауғанда көрпесін сипалап, жоғалған затын іздеп отырғандай болыпты. Шәмшат не іздегенін сұраса, «ине-жібімді жоғалтып алдым» деп айтыпты. Әйел адам қайтыс болса, ине-жіп тарататын ырым бар емес па? Құдай соны сездірсе керек. Тағы бір ретте Шәмшаттың көзі ілініп барып ояныпты. Артында бір адамның сұлбасы көрініпті. «Кімісіз?» деп сұраса, әлгі сұлба «Әзірейілмін» деп жауап беріпті. Ертесінде шешемді жан сақтау бөліміне алып кетті. Жан сақтау бөлімінде бір тәулік жатып қайтыс болды. Алыстағы қызы Ұлжанды күтсе керек. Әпкем жаназасына үлгеріп келді.

Осындай ата-анамыздың болғанына Құдайға шексіз ризамыз. Ол кісілердің еңбегін қалай тырыссақ та өтей алмаспыз. Тек артында жақсы атақ, жақсы сөз қалып, ұрпақтарынан дұға-тілек үздіксіз жетіп тұрса дейміз. Осындай жақсы естеліктер қалып, ізгі ұрпақтың өсіп-өнуіне септігін тигізсе, сол кісілердің еңбегі аз да болса ақталғаны деп ойлаймын. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жан анашым! Өлең жолдарын сіздің әруағыңызға арнаймын.

Жан анам ұяң едің, момын едің,  
Әкемізге асыл жар болып едің.  
Сыңарынан айырылмас аққудайын,  
Көп кідірмей тағы да соңына ердің.

Анашым, топырағың торқа болсын,  
Жатқан жерің жайлы боп, нұрға толсын.  
Тілеген дұғаларым қабыл болып,  
Арттағы ұрпақтарың аман болсын.

Жан анашым, елден асқан момыным,  
Асыл жар боп, тек отынды қорыдың.  
Жөнелдің тез ізін ала әкемнің,  
Артың кеніш, болсын пейіш орының.

**Нұрман НҮПТЕКЕЕВ**



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан  
**БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**  
Бас редактор – Молот **СОЛТАНАЕВ**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қали ИБРАИМЖАНОВ**  
Дизайнер – Әділет **МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:  
[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В  
Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі 147, 22  
офис  
Алматы облысы, Жаркент  
қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14  
пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа  
шығады.  
Тапсырыс: №1561